



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ №10 (1878) 20 НАУРЫЗ 2023 ЖЫЛ WWW.KAZNU.KZ

## Наурыз тұжырымдамасы ортақ құндылықтарға біріктіреді

**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!**

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз құттықтауында: «Әз Наурыз – нағыз халықтық мейрам. Бауырмалдық, жанашырлық, сыйластық, отаншылдық сияқты қасиеттің бәрі осы ұлық мерекеде көрініс тапқан. Біз – ата жолын жалғаған жұртпыз. Мен дәл бір жыл бұрын тың бастама көтердім. Елімізді түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформалар ұсындым. Халық бұл бастамаларды қолдады. Біз жоспарымызды бір жылда табысты жүзеге асырдық. Жаңа Қазақстанның бүгінгі бейнесі Әз Наурызбен толық үндеседі, яғни Ұлыстың ұлы күнінде қасиетті Отанымыз мүлде жаңа сипатқа ие болды. Мұны дүниежүзінің көптеген елдері мойындап отыр. Алда атқаратын жұмыс көп. Бірлігімізді бекемдеп, бір ел болып іске кірісек, алынбайтын асу жоқ. Мен жасампаз халқымыздың келешегі жарқын болады деп сенемін», – деп атап өтті. Бүгінде Президент бас-



тамасымен бекітілген Наурызды мерекелеудің жаңа тұжырымдамасы аясында бұл мейрамның маңызын арттыруға баса мән беріліп келеді. Бейбітшілік пен достықты нығайтуға, ұлттық бір-егейлікті сақтауға, сонымен қатар отбасылық құндылықтар мен ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәселелеріне ерекше назар аударылуда.

Университетіміздегі Наурызды мерекелеуге байланысты іс-шаралар осы тұжырымдамаға сәйкес ұйымдастырылуда. Он күнді қамтитын мерекеде әрбір атаулы күндердің мән-мағынасы

мен мақсатына маңыз беріліп, халықтық сипат алды.

Университетіміз Наурыздан – Наурызға елеулі табыстармен жетті. Біз алдымызға әлемдік зерттеу университеті деңгейіне көтерілуді мақсат етіп отырмыз.

Мереке қарсаңында Мемлекет басшысы арнайы қабылдап, ҚазҰУ-дың халықаралық мәртебесін нығайтып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейту бойынша нақты тапсырмалар берді. Президент университетті одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтіп, барлық бастамаларымызға қолдау көрсетті.

Келесі жылы университетіміз-

дің құрылғанына 90 жыл толады. Алдымызда ауқымды жоспарлар көп. Ұлы мақсаттарымызды береке-бірлігімізбен еңсерейік.

Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа құт-береке, жақсылық ала келсін. Тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы жарқын болсын. Жаңа Қазақстанның іргесін бірге қалап, биік белестерді бірге бағындырайық. Түркі әлеміне ортақ мереке – Наурыз мейрамы құтты болсын!

**Ізгі тілекпен  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**



**Наурыз суретшілер көзімен**

3-бет



**Әлем елдерінің Ұлыстың ұлы күнін тойлау үрдістері**

5-бет



**Жанғара ДӘДЕБАЕВ:  
Жан дүние өзгеріп,  
көңіл тазаратын күн**


6-бет

## Университет ұжымы сайлауда белсенділік танытты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауда дауыс беру үшін кампус аумағында №258, №259 және №568 сайлау учаскелері жұмыс істеді.



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, ғалым Төрегелді Шарманов қалашықтағы №259 сайлау учаскесінде алғашқылардың бірі болып дауыс берді.



Университетте орналасқан учаскелік сайлау комиссиясында бекітілген тізім бойынша жергілікті тұрғындар мен ҚазҰУ ұжымы, сондай-ақ студенттер саяси науқанға белсенді қатысып, өз таңдауларын жасады.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ұлыстың ұлы күнін жаңа форматта атап өтті. «Жаңа Қазақстан: қоғамды ұйыстыратын құндылықтар» мерекелік бағдарламасының мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Наурыз мейрамын атап өту және оның маңыздылығын арттыру тапсырмасын жүзеге асыру.

баспалар жаңа өнімдерін ұсынып, Наурыз мерекесінің әлем елдерінде тойлану үрдістері таныстырылды.

Оқу орнының Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев жиылғандарды мерекелік шара бағ-

## Мазмұны жаңарған мейрам

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады» деп атап өткен болатын.

Осыған сәйкес, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі өткен жылы Наурыз мейрамын мерекелеудің жаңа тұжырымдамасын әзірлеп, көпшілікке ұсынды.

Жаңа тұжырымдаманы қамтыған іс-шарада қазақ-



стандық танымал суретшілер мен қолөнер шеберлерінің, университет фотограф-оқытушылары мен студенттерінің көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар түрлі

дарламасымен таныстырып, жаңа форматтың халықты біріктірудегі маңызына тоқталды.

Жалғасы 2-бетте



## Мазмұны жаңарған мейрам



Соңы. Басы 1-бетте

Арнайы шақырылған қонақтар қатарында Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясы, шетелдік дипломатиялық корпус өкілдері мен консулдар, ғылыми-шығармашылық қауым, суретшілер мен БАҚ өкілдері бар.

Арнайы тігілген киіз үйлер мен шатырларда көпшілікке наурызкөже, бауырсақ, палау тара-

тылып, тұсаукесер, бата беру сияқты ұлттық салт-дәстүрлер көрсетіліп, қазақша күрес, тоғызқұмалақ, дойбы, қол күрес және басқа спорттық ойындар тарту етілді.

Наурыз мерекесі оқытушы-студенттер қатысуымен барлық жатақханада да атап өтіліп, соңы жастар биімен аяқталды.

**Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ**



## Дипломаттар дән риза болды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен Наурыз мерекесіне Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясы және шетелдік дипломатиялық корпус өкілдері мен консулдар арнайы қонақ ретінде келіп, университет ұжымын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

Құрметті қонақтар қатарында Түркия ұлы ұлттық мәжілісінің депутаты Ибраһим Айдемир, ТүркПА делегациясының басшысы Абдуллах Нури Айбаз, ТүркПА коммуникация маманы Тахмина Бакиева, Түркияның Алматыдағы бас консулы Али Рыза Акынжы, Өзбекстанның бас консулы Аброр Фатхуллаев, Тәжікстанның Алматыдағы бас консулы Равшан Бобохонзода, Иран Республикасының Алматыдағы бас консулы Фагани Мохсен, Түрікменстанның Алматыдағы бас консулы Гадам Иламанов, Қырғызстанның Алматыдағы вице-консулы Нұрғазы Олғожаев болды.



Қонақтарды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шығыстану, халықаралық қатынастар және жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеттерінде оқып жатқан шетелдік студенттер Наурыз мейрамының өз елдерінде тойлану дәстүрлерімен, мерекелік ас мәзірлерімен таныстырды. Қонақтар Иран, Үндістан, Түркия, Қытай, Тәжікстан, Бангладеш, Ауғанстан, Моңғолия елдерінің Наурыз тойына жайылатын дастарханымен танысып, қазақтың

дәстүрлі наурызкөжесінен дәм татты.

**Аброр ФАТХУЛЛАЕВ,**  
**Өзбекстан Республикасының**  
**Алматыдағы бас консулы:**

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін Наурыз мерекесіне арналған салтанатқа қатысу мен үшін үлкен қуаныш. Университет алаңында осында оқитын шетелдік студенттер өз елдерінде Наурыз мерекесін тойлау мәдениеті мен әдет-ғұрыптарын таныстырды. Бұл біздің мәдениетіміздің ортақ екенін көрсетеді. Мерекеге қатысушылар көңіл көтеріп, әр тілде ән айтып, әр ұлттың билерін биледі. Табиғаттың жаңаруымен жаңа бақыт келеді деген үмітпен жаңа күнді қуанышпен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу – Наурыздың негізгі философиясы. ҚазҰУ-дағы Наурыз мерекесі бейбітшілік пен ізгіліктің, бірлік пен татулықтың дәстүрлі символы ретінде ұлттар мен елдер арасындағы интеграцияны, достық пен өзара түсіністікті одан әрі дамытуға ықпал ететінін көрсетті.

**Қайыржан ТӨРЕЖАН**

## Нағыз шеберлер ҚазҰУ-да бас қосты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ұлыстың ұлы күніне орай «Шеберлер ауылы» бой көтерді.

Мұндағы мақсат – Президент тапсырмасына сәйкес, Наурыз мейрамын мерекелеудің негізгі тұжырымын жаңа сипатта халыққа жеткізу.

Қазақстандағы бейбітшілік пен келісімді нығайту, азаматтарды елдік мүддеге топтастыру, ортақ мәдени-рухани құндылықтарды құрметтеу және жалпыұлттық сананы қалыптастыру. Сондай-ақ зияткер жастарды еңбекке, қол-өнерге, шығармашылыққа баулып, ұлттық мұраларды насихаттау.

Көрме ағаш бұйымдар, ұлттық аспап шеберлері, қыш-құмыра, әшекей бұйым зергерлері, ісірлер мен тоқымашылар қолынан шыққан сәндік-қолданбалары туындылармен ерекшеленді.



Қаскелең мәдениет колледжінің оқытушылары мен студенттері домбыра, қобыз, шертер аспаптары, қымыз кеселер мен астаулар, құрақ көрпе, кесте, сандық және басқа да тұрмыстық заттардың жасалуы бойынша шеберлік дәріс өткізді.



«ҚазҰУ Баспа үйі», «Зият», «Отбасы хрестоматиясы» баспалары жаңадан шыққан өнімдерін таныстырып, әдеби туындылардың да насихатталуына үлес қосты.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**



# Наурыз суретшілер көзімен

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен биылғы Наурыздың басты ерекшелігі – бір айға созылатын «Наурыз-арт» сурет көрмесінің ұйымдастырылуы. Көрме мерекені атап өтудің жаңа тұжырымдамасын толығымен қамтыды. Шыны керек, ҚазҰУ қабырғасында бұрын-соңды мұндай бай туынды ұсынған көрме ұйымдастырылған емес. Мұны көрме жұмысын тамашалауға келген оқытушылар мен қызметкерлер, қара шаңырақ қонақтары да айтып жатты.

Көрмеге майталман суретшілермен бірге жас буын да тарылды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Көркемсурет академиясының президенті Амандос Ақанаев, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Көркемсурет академиясының академигі Нәлли Бубэ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Алпысбай Қазығұлов, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Бейсебек Ақанаев, Қазақстанның

еңбек сіңірген өнер қайраткері Ахмет Ахат, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Тоққожа Қожағұл және т.б. танымал суретшілер мен университеттің Асылхан Әбдірайым, Марат Жүнісбеков және Досжан Балабек сынды фотограф-оқытушылары өз жұмысын ортаға салды. Көрме университет оқытушы-профессорлары мен қызметкерлерінің, магистранттар мен студенттердің, сондай-ақ қонақтардың көз қуанышына айналып отыр.



**Руслан АКАНАЕВ,** художник-график, представитель направления «современный стим-панк», член Союза художников РК:

– Сегодня, после 30 лет хаотичности в мире искусства, потери наших художников и работников культуры, когда в этой области сохранились лишь отдельные фрагменты былого величия и точно не утрачен уровень профессионализма, я с большой радостью поддерживаю все мероприятия, направленные на сохранение и развитие большого художественного наследия нашей страны.

В эти дни, когда в старейшем университете Казахстана проводится весенняя выставка, я благодарю за приглашение участвовать в этой праздничной экспозиции. Я горд за наш родной КазГУ и констатирую новый уровень отношения к духовной стороне нашей повседневности. Это прекрасный пример для всех, кому небезразлично будущее нашего государства и многонационального народа. Хочу выразить благодарность руководителям университета и организаторам!



билерін билеп, әндерін шырқады. Қандай жарасымды! Бұл күні біздің, өнер адамдарының көңіл күйі ерекше көтеріңкі болды. Осының барлығы қазақ ұлтының мәдениетін, кеңпейілділігін, салт-дәстүрін, халықтар достығын, бірлікті бағалайтын ел екенін көрсетті. Наурыз рухани құндылықтың бастауы болу керек. Қара шаңырақ ҚазҰУ сол үдеден шыға білді.



**Марлен НЫСАНБАЕВ,** суретші-график, ҚР өнер қайраткері, ҚР Көркемсурет академиясы президентінің орынбасары:

– Наурыз мерекесі қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Наурыз-Арт» суретшілер көрмесі ұйымдастырылды. Жасыратыны жоқ, соңғы кездері суретшілер көрмесі көп ұйымдастырылмайды. Жоғары оқу орындарының қабырғасында көрме өтпегелі де

біраз болып қалды. Өздеріңіз білесіздер, өкінішке қарай, елімізде өнер нарығы дамымаған. Көркемөнер аукциондары жоқ, галереяларда тұрған картиналардың сатылымы мардымсыз. Өзім арт-менеджер ретінде суретшілерімізді Еуропаның Италия, Франция, Испания және т.б. елдеріндегі арт-галерея иелерімен таныстырамын. Олар қазақстандық суретшілердің шығармашылығын, туындыларын жақсы бағалайды. Шетелге шығу үшін, әрине, қаржы ресурстары керек. Суретшілерде ондай мүмкіндік бола бермейді. Ал мына ҚазҰУ ұйымдастырып отырған көрме қандай тамаша! Университетте қаншама оқытушы, студенттер бар. Келіп-кететін қонақтар бар, осылардың бәрі мына көрмені тамашаласа рухани күш алады. Жас суретшілер көпшілікке танылады.

Белгілі суретшілер Амандос Ақанаев, Нелли Бубэ сияқты суретшілермен бірге осы көрмеге қатысу мен үшін үлкен құрмет. Көрменің қойылу тәртібі маған өте ұнады. Отанымыздың ұлттық ерекшеліктерін, табиғат байлығын, мәдениеті мен тұрмысын өте керемет паш ететін көрме болды. Жас суретшілерге айтарым, түрлі тақырыпта этюдтар жазып, материал жиыстырыңыздар. Мұның шығармашылыққа пайдасы өте зор.



**Әлия ҚАБИҚОЖАЕВА,** суретші:

– Жыл басы – Наурыз мейрамының Қазақ ұлттық университетінде жаңа сипатта тойлануы маған ерекше ұнады. Университет қабырғасында суретшілер көрмесінің ұйымдастырылып жатқанын естігенде үйде тыныш отыра алмадым. Ұйымдастырушылармен хабарласып, ұсыныс айтып едім, өтінішімді жерде қалдырмады. Көрмеге қойылған шығармалар өте мазмұнды. Мұнда ардагер суретшілермен бірге менің де шығармашылығым насихатталды. Өте қуаныштымын. Бұл мен үшін үлкен мәртебе. Көрмеге келген қонақтар менің туындыларыммен танысып, автор ретінде маған сұрақтар қойды, шамам келгенше жауап бердім әрі көрменің бір ай бойы жұмыс істейтінін көңілімнен шықты.

**Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,** Қайыржан ТӨРЕЖАН



**Амандос АҚАНАЕВ,** Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

– Наурыз мейрамы аясында Қазақ ұлттық университетінде суретшілердің көрмесі ұйымдастырылатыны туралы естігенде ерекше қуандым. Көрмеге қатысуға бірден келісімді бердім. Жоғары оқу орнының қабырғасында көрме ұйымдастырылуы үлкен оқиға. Бұл жастарды, білім алушыларды мәртебелі өнерге баулиды. Ізгілікке, адамгершілікке, әдемілікке үндейді. Ерекше атап өткім келетіні – бұл университет ректоры Жансейіт Түймебаевтың бастамасы екенін және сол кісінің қолдауымен өтіп отырғаны. Өйткені Жансейіт Қансейітұлы көркемсурет өнерін жақсы түсінеді, терең бағалай біледі. Енді қара шаңырақ жоғары оқу орнының бастамасын өзге оқу орындары да қолдап, қуаттаса бек разымыз.

**Тоққожа ҚОЖАҒҰЛ,** кескіндемеші, портретші, өнер, мәдениет және спорт институтының директоры, «Дарын» сыйлығының иегері, ҚР Көркемсурет академиясының мүше-корреспонденті:

– Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамында еліміздегі жоғары оқу орындарының көшбасшысы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен қара шаңырақ қабырғасында суретшілер мен қолөнер шеберлерінің көрмесі өтті. ЖОО қабырғасында соңғы кездері көрме көп өтпейтіні құпия емес. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған Наурыз мерекесі аясында суретшілер көрмесінің ашылуы мейрамға ерекше мән, өң берді. Университетте өткен мерекенің тағы бір ерекшелігі – шетелдерден келіп оқып жатқан студенттер, елшіліктерден келген қонақтар өздерінің ұлттық киімдерін киіп,



# Жаңа формат көңілден шықты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ұлыстың ұлы күніне арналған «Жаңа Қазақстан: ұлтты ұйыстыратын құндылықтар» мерекелік бағдарламасы бойынша өткізілген іс-шараларға белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, факультет ардагерлері, ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері қатысты. Мерекелік жиынға келген қонақтардан Наурыз мерекесінің жаңа форматта өткізілуі жөнінде ой-пікірлерін білген болатынбыз.



**Мұрат ЖҰРЫНОВ,**  
**ҚР ҰҒА президенті:**

– Кейінгі кезде Наурыз мейрамын бірізділіктен арылып, жаңаша тойлау туралы жиі айтылып жүрген. Біз ҚазҰУ ұйымдастырған Наурыз мерекесінен жаңарған өзгешелікті бірден байқадық. Негізі, көпшілік жиналатын бұқаралық сипаттағы шараларда тек той тойлауды ғана ойламай, келген адамдарға ой салатын танымдық тұрғыда қарастыру керек. Сонда ғана ол өзінің негізгі міндетін атқарды дегуе болады. Осындай ой салған дүниелер, игі істер көпшіліктің есінде ұзақ сақталады және тәрбиелік мәні болады. Мәселен, «Наурыз-Арт» суретшілер көрмесін алайық. Танымал тұлғалардың портреті мен еліміздің әсем табиғатын бейнелеген суреттердің студенттерге зор әсері болды деп ойлаймын. Жастарды туған табиғатты аялауға үйретеді, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттырады. Шет мемлекет-

терден келген қонақтар мен студенттерге өз елімізді, жерімізді жан-жақты танытуға мүмкіндік тудырады. Оқытушы-профессорлардың портреттері – ҚазҰУ басшылығының ұжымға деген сыйқұрметі деп қабылдадық. Зерттеу университетіндегі оқытушы-студенттердің шығармашылығын көріп, талантты адамдардың жан-жақты болатынына тағы да көз жеткіздік. Үлкенді құрметтеп, кішіні сыйлай білетін ректорларыңыздың көрегенділігін таныдық. Азғантай көңіл бөлуден басталатын осындай игі қадамдар ұжымды біріктіреді, ұлы мақсаттарға жеткізеді.



**Қалқаман ЖҰМАҒҰЛОВ,**  
**тарих ғылымының докторы,**  
**академик:**

– Биылғы Наурыз ерекше болды. Бас ғимаратта Баспасөз қызметі ұйымдастырған суретшілер көрмесіне қызығушылық танытқандар көп. Менің замандастарым ризашылықтарын білдіріп



жатты. Алаңда Иран, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстанның Наурыз дәстүрлері көрсетілді, оны Алматыдағы бас консулдары келіп, көріп қуанып қалды. Жастардың биі, әні жарасымды болды. Жастармен отырып шахмат ойнадым, өз тәжірибемді көрсеттім. Қолөнер көрмесін аралап шықтым, соның өзі күні бойы жүруіме жеткілікті болды. Ақсақалдар отырып, шай ішіп, әңгіме-дүкен құрдық. Университетте 51 жылдан бері жұмыс істеймін. Қазір жасалып жатқан оң өзгерістерге қуанамын, еңбектеріңіздің берекесін берсін деп тілеймін. Өйткені көпшілік айтады, өзім де байқаймын, кешкі алтыдан кейін Баспасөз қызметінің үнемі шамы жанып тұрады. Бүгінгі еселі еңбек ертең өз жемісін береріне сенемін.

**Амангелді САДАНОВ,**  
**биология ғылымының докторы, профессор,**  
**академик:**

– Жалпы, Наурыз мерекесі тек тойлап, ішіп-жейтін мереке емес. Көптен бірін-бірі көрмегендердің бір-бірімен жылы жүзде-



**Гүлнәра ЖӨКЕШ,**  
**«Алтын қол» қолөнер дүкенінің негізін қалаушы:**

суі, аман-есен дидактасы. Өнер мен мәдениеттің тоғысуы. Қайырымдылық пен игі істердің салтанат құруы. Қазақ университетінде өткен Наурыз тойында осының бәрі қамтылды. Ректор Жансейіт Қансейітұлы үлкен өмір мектебінен өткен, ысылған, тарих пен мәдениетті терең білетін азамат. Осындай ауқымды жиындарды қалай ұйымдастырудың, өткізудің жөнін біледі. Бұл ең алдымен келген қонақтардың емес, осы университетте қызмет етіп жатқан оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің, студенттердің мерекесі. Иран, Үндістан, Пәкістан, Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты алыс-жақын

шетелдерден келген жастардың бірігіп өнер көрсетіп жатқанын көрдік. Бірін-бірі іліп әкетіп, ортаны қыздырып жатты. Мерекелік жиында қызметкерлер мен студенттерден жоғары көңіл күйді сезіндім. Бұл қонақ ретінде келген бізге де жылы әсер етті.



– ҚазҰУ-дың Наурыз мерекесі аясында шебер шәкірттерімен бірге көрмеге қатыстық. Тоқыма бұйымдары мен кол сөмкелерін жәрмеңкеге шығардық. Халық қатты қызығушылық танытып, шетелдік студенттер сөмкелер мен тоқылған аяқкиімдерді, шекелік әшекейлер мен тақияларды сатып алды. Көпшіліктің ортасында болып, өз қолөнер бұйымдарымызды ұсынғанымызға қуандық. Мұндай мерекелік бағдарламалар біздің және өнімдеріміздің танымалдығын арттыруға үлкен септігін тигізеді. Кейбір қонақтар байланыс телефондарымызды сұрап, алдағы уақытта тапсырыс беретінін айтып жатты. Қолөнершілерге қолдау білдіріп, өз төрінен орын ұсынған университет ұжымына алғысымыз шексіз.

**Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ**

## Ардагерлер арнайы шақырылды

Университет басшылығы ҚазҰУ-да ұзақ жылдар қызмет етіп, зейнеткерлік демалысқа шыққан ғалымдарды және өмірден өткен ардагерлердің жарларын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне арнайы қонақ болуға шақырды. Ардагерлер бұрынғы әріптестерімен қауышып, қара шаңырақта дүбірлеп өткен Наурыз мерекесін бірге тойлады. Оқу орнының басшылығына, әріптестеріне, білім алушыларға ақ тілектерін айтып, бата берді.



– Мен осы университетте 50 жыл қызмет еттім, қазір зейнеткерлік демалыстамын. 1995 жылы халықаралық қатынастар факультеті ашылып, сонда Шет тілдер кафедрасының меңгерушісі болып 20 жыл істедім. Бүгінгі

мерекеге университет ректоры Жансейіт Қансейітұлының арнайы шақыруымен келіп отырмын. Жанымдағы Гүлнәр Керімбаева, Мәрияш Макишевбалармен бірге халықаралық қатынастар факультетін құрып, қалыптастырдық. Мәрияш Қайдауылқызы доцент, 52 жыл бойы ағылшын тілінен сабақ беріп келеді. Бүгінгі өтіп жатқан шараға өте қуаныштымын, – деді филология ғылымының докторы, профессор, ардагер оқытушы **Роза Қайырбаева**.

Филология ғылымының кандидаты, ардагер оқытушы **Күлзада Сайранбаева** да өз пікірін білдірді:

– Бүгінгі Қазақ ұлттық уни-



верситетінде өтіп жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне ректордың шақыруымен қонақ болып келіп отырмыз. ҚазҰУ бүкіл елімізге кадр дайындайтын іргелі оқу ордасы. Бүгін көшбасшы оқу орны екенін дәлелдеп жатыр. Әрдайым биік деңгейден көріне беруіне тілектеспін. Осы жерде менің өмірлік серігім, филология ғылымының докторы, профессор Талғат Сайранбаев 40 жыл жұмыс істеді. Көп жылдар филология факультетінде кафедра меңгерушісі, декан болып қызмет атқарды. Бүгін сол кісінің

абыройы арқасында мерекеге келіп, ҚазҰУ-дың үлкен дастарханнан дәм татып отырмын. Өзім де ғалым-педагогпын, осында қызмет істедім. Наурыз – бұл еңбек мерекесі. Университет басшылығына ризамын, қазіргі ректор Жансейіт Қансейітұлы филология факультетін бітірген, менің жолдасымнан дәріс алған. Қаншама жыл білікте қызмет атқарды, қазір өзінің ұшқан ұясын көркейтуге күш салуда. Қара шаңырақ ҚазҰУ-ымыз өркендей берсін, беделі үстем болсын!

Сондай-ақ Наурыз мерекесіне арнайы келген философия ғылымының докторы, профессор, ардагер оқытушы **Мәдина Үсенова** да жылы лебізін жеткізді:

– Наурыз мерекесіне жиналған барша қауымды, әріптестерімді Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын! Осы шаңырақта, философия факультетінде 40 жылдай қызмет еттім. Бұл өмірімдегі ең жақсы жылдар еді. Бүгін өзімнің бұрынғы әріптестерім-



мен кездесіп, дастархандас болғаныма өте бақыттымын. Бірге қызметтес болған әріптестерім, бүгінгі ардагерлер жыл сайын азайып барады. Бізді ұмытпай кездесуге шақырып, осындай әдемі мереке ұйымдастырғаны үшін университет ректорына ризашылығымды білдіргім келеді. Наурыз – көктем мерекесі, көңілге қуаныш ұялататын мереке. Барлығына мол бақыт, шуақты күндер, табыс тілеймін!

**Қайыржан ТӨРЕЖАН**



# Әлем елдерінің Ұлыстың ұлы күнін тойлау үрдістері

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ факультеттері Наурыз мейрамының әлем елдерінде аталып өту дәстүрлерін паш етті. Жаңа форматта жүзеге асқан мерекелік шарада 10-нан аса мемлекеттегі Наурыз жоралғылары таныстырылды. Шығыстану факультеті (Иран, Үндістан, Түркия, Жапония, Корея, Қытай), халықаралық қатынастар факультеті (Тәжікстан, Бангладеш), жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті (Ауғанстан, Қытай, Моңғолия) белсене атсалысып, алғырлық танытты. Наурызкеже дайындау әдістерімен бөлісіп, Ұлыстың ұлы күні дастарханға қойылатын ас мәзірлерін әзірледі. Сондай-ақ мерекелік салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлттық киімдер мен спорттық ойындар көрсетілді.

Мәселен, түбі бір түрік бауырлар бұл мерекені «Невруз» деп атайды. Бұл күні көшелердегі саябақтарда от жағылып, адамдар лапылдаған жалынның үстінен

түрлі жемістен дайындалған компот және бес түрлі тағам болады. Отбасындағы баланың санына байланысты алдын ала жұмыртқа пісіріліп, түрлі түске боялады. «Ба-



секіреді. Оттың үстінен секірген уақытта адам бойындағы жаман энергиядан, ауру-сырқаудан арылады деп сенген. Музыкалық аспаптармен ән орындалады. Балалар батпырауық ұшырады. Мейрам қарсаңында тағамның түр-түрі жасалады. Олар – жапырақшамен дайындалған бөрек, юфка, леблели, локум, сондай-ақ тәттілердің сан алуан түрі.

Ирандықтар «Ноуруз» атайтын мереке наурыздың 20-сынан бастап 13 күн тойланады. Міндетті түрде жеті түрлі дәмнен «Хафт-Син» тағамы әзірленеді. Ол «с» әрпінен басталатын жеті түрлі тағаммен әрленеді. Олардың арасында міндетті түрде болуы тиіс: монета (секке), сірке су (серке), сарымсақ (сир), дәмдеуіштер және мерекелік тағамдар бар. Үстелге айна мен жанып тұрған балауыз қойылуы шарт.

Ауғанстанда «Навруз» немесе «Жаңа жыл» 21-22 наурызда тойланады. Мазари Шариф қаласы Наурыз мейрамын тойлау «астанасына» айналады. Олар бұл күндері Кабулдағы Карт Сахки мешітіне жиналып, әулие тудың көтерілуін тамашалайды. Дастарханда жемістер мен дәндер, жеті

қытсыздықты өзімен бірге алып кетеді» деген ырыммен жанұядағы әр балаға кем дегенде бір дана жұмыртқа жегізетін болған.

Өзбектер «Навруз» мейрамын 21 наурызда ресми тойлайды.



Алайда мереке 13 күнге созылады. Мереке күндері жәрмеңкелер, жалпыхалықтық шерулер, ит және әтеш шайқасы, ат шабысы, басқа да түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Ұлттық киімдерімен ән айтып, би билейді. «Сумәлек» асын дайындау дәстүрге айналған. Бұл – бидай

ұнынан жасалған тағам. Сондай-ақ самса, хош иісті палау, халим мен жасыл желек қосып дайындалған нишалда тәтті бәліші әзірленеді. Сумәлек – өмірді, денсаулықты, молшылық пен жылылықты білдіреді.

Қырғыздар «Ноуруз» мерекесін 21-і күні ғана тойлайды. Мол дастархан жайылып, ұлттық тағамдар қойылады. Сумәлек пен көже дайындалады. Халық арасындағы сенімге байланысты «су» және «мелек» (періште) сөздерінен құралған. Қырғыздар бұл мерекені қазір жалпыхалықтық сипатта тойлайды. Мерекелік концерт қойылып, ұлттық ойындар ойналады.

Түрікменстанда «Новруз байрамын» 21-22 наурызда тойлайды. Наурыздың осы күндері ауыл шаруашылығы үшін жаңа жыл болып саналады. Мерекелік дастарханға бидай өнімінен ұлттық тағамдар әзірленіп, халва, тәтті нандар мен уыттан ботқа дайын-



далады. Бұл күні асты ұлттық киім киген ерлер әзірлейді. Наурызда түрікмендер бір-бірінің үйіне барып, қонақ болады, ал жастар кешке жаппай сауық-сайран құрады.

Әзірбайжандар «Новруз байрамды» 20-сынан бастап бес күн тойлауды дәстүрге айналдырған.



Дәстүр бойынша «тонгал» деп аталатын от жағып, одан жеті рет секіретін болған. Дастарханға жұмыртқаны айнаның үстіне қою дәстүрі бар. Жұмыртқа бір жағына домалаған кезде соны жаңа

«Хадир айиам», яғни «Үлкен мереке» аталған мейрам 20-21 наурызда өтеді. Мерекеге арнап бидай өнімінен «Суманақ» асын дайындайды. Бұл елде де «с» әрпінен басталатын тағамдарға



жылдың келуі деп санайды. Әрбір үйде дастархан үстінде міндетті түрде бидай тұқымынан өсірілген дәмдер қойылады. Шекербура да дайындалады. Бұл – ай пішіндес қамырдан жасалған тәтті тағам.

Тәжіктер «Навруз», «Бәйшешек», «Гүлгардон», «Гүлнавруз»,

ерекше мән беріледі. Олар: суманақ пен сипанд, сирке мен сәмени, сабзи және т.б. Бұл тағамдардан басқа, үстелде айна, балауыз және боялған жұмыртқалар болады. Осы барлық аталғандардың символикалық мән-мағынасы бар: балауыз – адамды жаман рухтан сақтаушы жарық пен от, ал жұмыртқа мен айна – ескі жылдың аяқталуын білдіріп, жаңа жылдың алғашқы күнінің басталғанын сипаттайды. Ерлер жағы көкпар тартады. Оны «бузкаши» деп атайды.

Үндістан мұсылмандары да Наурыз мерекесін атап өтеді. Оларда айрықша ырымдар мен сенімдер жоқ. Мерекелік дастархан дайындалып, өдемі киім киініп, барлық нәрсені гүлмен көркемдейді. Мұнда да үлкен етіп от жағады және үндістер «көтер жылдың барлық сәтсіздіктері осы отпен бірге кетеді» деп сенген.





**Күн мен түннің теңелген, табиғаттың түлеген көзіне тура келетін шығыс халықтарының ұлы мерекесі – Наурыз мерекесіне орай университетіміздегі көрнекті ғалымдардың бірі, әдебиеттанушы, Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымының докторы, профессор Жанғара ДӘДЕБАЕВпен әңгімелескен едік.**

тартады. Адамдардың Наурызда жерге су бүркіп, бір-біріне сый тартуы осыдан қалған деседі. Оның негізінде жердің өнімі мол болсын, жан біткен бір-біріне мейірімді болсын деген мән бар. Ертеде ауылдың ер адамдары таң атпастан тұрып, далаға шығып, үйлерін үш айналып есіктерін қаққан. Үй ішіндегілер: «Кімсің? Неғып келдің?» – деп сұраған. Есік қағып тұрған адам: «Құт-береке, бақ-дәулет алып келдім», – деп жауап берген. Ол үйге кіргенде, үй ішіне астықтың дәнін шашқан. Наурыз күні көпшілік ұлы кісіден, жасы үлкендерден бата алған.



Жанғара ДӘДЕБАЕВ, «Абай» ҒЗИ директоры:

# Жан дүние өзгеріп, көңіл тазаратын күн

**– Жанғара аға, «Наурыз» сөзінің мағынасы туралы әркім әртүрлі айтып жүр, түп тамыры парсылардан шыққан деген пікірлер бар. Жалпы, әдебиет пен тарих қатар жүреді ғой, әдебиетші ғалым ретінде осы «Наурыз» сөзінің мағынасы туралы не айтасыз?**

– Наурыз – халық мейрамы. Ежелгі адамдардан қалған мынадай аңыз бар: Жаратушы дүние-әлемді жаратып болып, оны қозғалысқа түсіреді: жер, жан-жануарлар мен өсімдіктер, аспан әлемі, күн мен ай, жұлдыздар – бәрі алғаш рет қозғалысқа түседі, жаңбыр жауып, су ағады, жер бетіндегілердің бәрі өнеді, өседі. Дүние-әлем қозғалысқа түскен осы сәт уақыт өлшемнің, жаңа жылдың басы, жаңа күн, яғни Наурыз болып есептеледі. Енді бір аңыз бойынша, осы күнді періштелер өте жақсы көреді екен, өйткені олар дәл осы күні жаратылыпты-мыс. Мынадай да аңыз бар: Сүлеймен пайғамбар жүзігін жоғалтып, біраз уақытқа биліктен айырылады, жүзігі табылып, билігі қайтадан жүреді. Сонда оған бағынышты әлемнің патшалары түгел келіп: «Наурыз амад», – деп құрметтерін білдіріпті. «Наурыз амад» деген «жаңа күн туды» деген мағынаны білдіреді екен. Уақытты есептеу, жыл санау, жылнама жүргізу осы күннен басталыпты. «Наурыз» сөзі парсыша «жаңа күн, жаңа жылдың басы» деген мағынаны білдіреді.

**– Наурыз мейрамына байланысты бүгінде дәстүрге айналған қандай аңыздар бар?**

– Наурызда жасалатын дәстүрлі әдеттердің бірінің тууы туралы мынадай әңгіме сақталған: Сүлеймен пайғамбар өзін бір жерге апару туралы желге бұйрық беріпті. Сонда қарлығаш оған: «О, құдіретті патшам, сен жүрер жолда менің ұям тұр, онда жұмыртқаларым бар. Сен оларды басып кетпей, бұрылып жүр», – депті. Сүлеймен пайғамбар қарлығаштың тілегін қабыл алып, қарлығаштың ұясын айналып өтеді. Сүлеймен пайғамбар халқының алдына шығып отырғанда, қарлығаш ұрттап алып келген бір тамшы суды Сүлеймен пайғамбардың алдындағы жерге бүркіп, оған шегірткенің бір санын сыйға

**– Наурыз мейрамының игілікке бастайтын тәлім-тәрбиелік жағы, мән-мағынасы жайында айта кетсеңіз.**

– Наурыз мейрамының шығу тегі қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында өте ерте замандарда қалыптасқан ұлттық, жалпыхалықтық рухани асыл қасиеттермен сабақтас. Наурыз айының ортасында көктемнің хабаршысы болып ұзақ-қарға келеді. Бұл – «сал-хамалдың» (жаңа жылдың) басы. Қыс пен жаздың теңесуі, күн мен түннің көктемгі теңесуі наурыздың 22-жұлдызына сәйкес келеді. Қазақ халқы осы күнді жаңа жылдың басы, Ұлыстың ұлы күні деп білген. Онда күнтізбелік жылдың басы деген мағына ғана емес, ең бастысы – жаңарудың, арылудың, тазарудың, жаңарып, арылып, тазарып келіп, өніп-өсудің басы деген мағына бар. Соған орай, ислам мәдениетінің кеңістігінде Наурыз мейрамымен байланысты салт-дәстүр барша жұрттың аса ардақты, өмірлік мәні терең, қасиетті құндылығына айналды.

22 наурыз – біз үшін Ұлыстың ұлы күні, Наурыз мейрамы болса, 21 наурыз – Халықаралық Наурыз күні мейрамы. Ұлыстың ұлы күні биыл сәрсенбі күніне сәйкес келді. Халықтың дәстүрлі танымы бойынша Наурыз сәрсенбі күні келсе, мемлекет басшылары ел үшін игілікті істер істейді. Жаңбыр ерте жауады. Астық мол болады. Шыбын-шіркей көбейеді.

**– Наурызда адамның қандай қасиеттері жоғары бағаланады?**

– Адам баласының ақыл-ой қуаты өте зор. Бірақ оның болмысында нәзік бір қасиет бар. Ол қасиет – адамның Жаратушысынан өзіне, ел-жұртына игілік, ізгілік, құт-береке тілеуінде. Адам Жаратушы иесінен игілік, ізгілік, құт-береке тілемей тұра алмайды. Жаратушының адам баласын жарылқауы қиын емес. Бірақ өзінен игілік, ізгілік, құт-береке тілеген пендесіне Жаратушының қоятын шарты бар: адам Наурызда өзіне, бір-біріне, ел-жұртына Жаратушысынан игілік, ізгілік, құт-береке тілегенде көңілі мен ниеті, ойы сүттен ақ, судан таза қалыпта күндей балқып, гүлдей жайнап тұруы шарт. Адамзат қана емес, бар жаратылыс осындай қалыпқа түсетін Ұлыстың ұлы күні

қара тастан басқаның бәрі жадырайды. Тіпті Самарқанның көк тасы да бір сәт балқып тұрады. Сол сәтте оған пышақ ұрса, пышақ тасқа бойлап өнеді, бірақ оны қайта суырып алғанша тас бұрынғы қалпына келеді. Наурыз күні қара тастың өзі балқығанда адамдардың бір-біріне деген өкпе-назынан арылып, табиғатпен бірге өзі де елжіреп, бір-біріне, ел-жұртына ізгілік, жақсылық тілеуі – адамның адамдық абзал қасиеттері. Наурызда адамның осындай қасиеттері жоғары бағаланады.

Наурыз мейрамындағы қасиетті құндылық – адамдардың өз көңілінде өткеннен қалған кірбіңнен, өкпе-реніштен толық тазарып арылуы, «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!» деп, бір-біріне жақсылық, құт-береке тілеп, ақ ниетпен жүздесуі, құшақ жайып қауышуы. Наурыз – жалпыхалықтық мейрам. Жалпыхалықтық мейрамда жұрттың бәрінің бір үміт, бір тілекпен өзара бір-біріне құт-береке, ырыс, жақсылық тілеуінің өзіндік ерекше шаттығы, қуанышы болады. Адамның мұндай шаттығы, мұндай қуанышы басқалармен бөліскен сайын нұрдай тасып көбейеді. Адамдар Наурыз күні қуанышын басқалармен шын жүректен шат-шадыман болып, айналасына күн көзіндей елжіреп бөліспесе, қуанған ғұрлы болмайды.

**– Адамдардың ізгі қалпының жыл бойы сақталуы үшін олардың Наурыз күнгі арылып-тазаруы, өзіне де, өзгелерге де жақсылық, құт-береке, ырыс тілеуі жеткілікті бола ма?**

– Ең бастысы – адамдардың Наурыз күні арылып, тазарып, бір-біріне, ел-жұртқа жақсылық, құт-береке, ырыс, ынтымақ пен бірлік тілеуі, өзіне, өзгелерге, ел-жұртқа игілікті ізгі іс істеуге ниет етуі. Адамдар осымен тынып қалмай, әр күні болмаса аптасына бір, тіпті болмағанда айына бір рет Наурызда өзі ниет еткен игі істерді қалай, қаншалықты орындағанын, нені орындай алмағанын, енді не істемек ойы барын сарапқа салып, өзінен-өзі есеп алуы, орындамағанын орындауға талпынуы, өзіне-өзі міндет артуы шарт.

**– Наурыз – түлеу, жаңғыру мейрамы. Мереке күні көңіліндегі кірбіңнен**

**тазармаған, өзгеге жаман ниетпен, іштарлықпен қарайтын жандардың болуы мүмкін ғой, бұл қаншалықты күнә болып саналады?**

– Өмірде ондай адамдардың болуы ықтимал. Өзгенің бойындағы асыл қасиетті көре алмайтын, оған дұшпандық жасайтын, оқ ататын, жамандық тілейтін адамдардан қоғам тазарып болған жоқ. Бірақ біздің университет қалашығында ондай адам жоқ деп ойлаймын. Наурызды мерекелеу барысында ондай адам болуға тиіс емес. Наурыздың халықтық, ұлттық мейрам ретінде туып, қалыптасуының, жалғасуының мәнісі – адамдардың Ұлыстың ұлы күнінде тазарып, жамандықтан арылып, өзіне, өзгелерге, жалпы ел-жұртқа, халыққа ізгі ниетпен жақсылық, құт-береке, ырыс, ынтымақ пен бірлік тілеуінде.

**– Көктем мейрамын неден және қалай бастаған дұрыс, бұл туралы арнайы жазылған, сақталған қағидалар бар ма? Мысалы, ел аузындағы кейбір нанымдар бойынша адамдар ел-алаңнан тұрып, күн шұғыласына маңдайын сүйгізуі керек екен...**

– Ол да дұрыс шығар. Парсы жұртының байырғы дәстүрі бойынша Наурыз мейрамы күні кісі таңертеңгісін ешкімге тіл қатпай тұрып, бал татуы керек, сонда ол жыл бойы қауіп-қатерден, бөлек-жаладан аман болады, құт-береке артады деген сенім-наным бар. Қазақ халқының дәстүрлі танымы бойынша кісі таңертеңгісін тұрып, Жаратқан иесіне құлшылық қылып, ізгі тілек тілейді, содан кейін ақтан дәм татады. Наурыз күні таң атқанда күннің арайы жерге өте жақыннан көрінеді. Оны көрген жанға құт қонады.

**– Наурыздағы мейрам дастархананың мезірі қандай болуы тиіс?**

– Наурыздағы дастархан байлығы жайында ертеден қалған дерек көздерінде мынадай мәліметтер кездеседі: Наурыз күні шығыс адамдары үшін дәу табаққа салынған жеті түрлі жеміс-жидек дастархананың көркі болған немесе дастарханда үйдің құт-берекесін кіргізетін астың жеті түрі үйме табақ болып тұрған. Қазақ ауылдарында наурызкөже пісіру кеңінен таралған. Наурызкөже – халықтың негізгі кәсібінің,

мал, егін шаруашылығы өнімдерінің жеті түрін қосып, қазан толтырып пісірген дәмді ас. Наурыз дастарханы жаңа жылда болатын молшылықтың, құт-берекенің, ырыстың жоралғысындай болып жеті түрлі ас-тағамға толып тұрған. Халықтың жыл бойғы еңбегінің өнімді, берекелі, игілікті болуын осылайша ақ көңілмен тілеуінің өзінде өмірлік маңызы, үлкен мән бар.

**– Наурыз күнгі мереке ойын-сауыққа, ұлттық, спорттық ойындарға ұласатыны белгілі, бұл күні адамдар қандай үлгіде киініп шығуы керек?**

– Мейрам күні адамдардың жанының да, тәнінің де, киімінің де тазалығы, жарасымдылығы

аса маңызды. Ұлттық тағам, ұлттық таным, ұлттық киім, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық өнер өзара еңкей келісіммен жарасқанда ұлттық мейрам мазмұнды, мағыналы, тағылымды болмақ. Халық Наурыз күні өздерінің ізгі тілектерін ұлттық өнер түрлері арқылы жарқыратып шырқаған. Ән, күй, ақындық айтыс, ұлттық ойын түр-түрімен жарыса жарасып, Наурыздың сән-салтанатын арттырған. Бұл өнер түрлерінің бәрі Наурыздың басты құндылығын – адамдардың бір-біріне, айналасына, ел-жұртқа құт-береке, ырыс, ынтымақ пен бірлік тілеген ізгі ниетін паш ететін болған.

**– Жанғара аға, ежелден келе жатқан әлемдік әдебиетте Наурыз туралы айтылған ойлар, кейінгі ұрпаққа үлгі, нұсқау болатындай көптеген мәліметтер сақталған шығар?**

– Иә, Наурыз туралы айтылған ойлардың негізі әдебиет ескерткіштерінде көптеп сақталған. Әбу Райхан Бируни, Омар Наям, Махмұд Қашқари, тіпті Әбілқасым Фирдоусидің «Шахнамасында» Наурыз жайында мол мәліметтер бар. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде Наурыз туралы жырлар өз алдына бөлек жанрлық түр ретінде қалыптасқан. Абайдың айтуына қарағанда, Наурыз – жазғытұрым мейрамы, ел осы күнді «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Абай «Жазғытұры» өлеңінде Наурызға кеңінен сипаттама берген. Бүгінде Наурыз туралы ғылыми және публицистикалық еңбектер, әдеби шығармалар қоры жыл сайын көбейіп келеді.

**– Наурыз мейрамында ұлттық университеттің ұжымына, білім алушы жастарға қандай бата, тілек айтар едіңіз?**

– Ұлы мәртебелі ұлттық университеттің ұлағатты ұжымы, білім алушы жастар! Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Сіздерге, жанұяларыңызға, туған-туыстарыңызға, ел-жұртыңызға құт-береке, ырыс, ынтымақ пен бірлік тілеймін! Абыройларыңыз арта берсін!

**– Айтқаныңыз келсін, аға! Берген батаңызға, ұлағатты әңгімеңізге көп рақмет!**

**Сұхбаттасқан Қайыржан ТӨРЕЖАН**



# Мереке халықтық сипат алуы тиіс

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесін атап өтудің қазіргі үлгісі бұрынғы мағынасынан біраз өзгерген. Дегенмен бұл мейрам елімізді мекен еткен орыс, украин, неміс, тағы басқа да түрлі ұлт пен ұлыстың ортақ мерекесіне айналғаны анық. Ата-бабамыздың озық дәстүрін жалғастыру мақсатында бұл күндері қайырымдылық шаралары, ағаш отырғызу акциялары өтеді. Кейінгі жылдары ара-тұра болса да, Наурыз мерекесі бұқаралық сипаттан ажырап, сахналық кейіпке еніп бара жатқаны туралы сыни пікірлер айтылып қалатын. Биыл мерекелік шаралар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жасалған Наурыз мейрамын мерекелеудің тұжырымдасы бойынша өткізілді. Университет оқытушы-профессорларынан алдағы уақытта мерекені барынша мазмұнды өткізу үшін қандай ұсыныстары бар екенін сұрап білген едік.



**Болат ӘБЕНОВ,**  
Ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы,  
Қазақстан журналистер одағының мүшесі:

– Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасына байланысты зиялы қауым мекені – ҚазҰУ аясында «Зияткерлік күнін» атап өтуге қатысты ой айтқым келеді.

Бұл күні жастардың зияткерлік әлеуетін, ақыл-ойын дамыту мақсатында ғылыми кітапханада, жастар орталықтары мен білім беру аудиторияларында студенттер арасында байқаулар, зияткерлік сайыстар және толағай табысқа жеткен ұлағатты ұстаздар мен ізденуші-ғалымдардың, еңбек адамдарының, кәсіпкерлердің, түрлі ұлт өкілдерінің қатысуымен кездесулер ұйымдастырылуы қажет. Студенттер арасында тарихымызды, көне әдет-ғұрыптарды зерттеп, дамыту мақсатында оларды қазіргі заманға сай жаңғыртуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстары мен пікірталас (дебат) сайыстарын ұйымдастыру әдетке айналса...

Әл-Фараби кітапханасының оқу залдарында зиялы қауым өкілдерінің жаңа ғылыми еңбектерінің, классик және заманауи танымал ақын-жазушылар шығармаларының таныстырылымдарын ұйымдастырып отыру шаралары да студенттердің кәсіби біліктілігін дамытудың ғана емес, жастардың ұлттық сана-сезімін, отансүйгіштігін, азаматтығы мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың әдістерін дамытары анық.

Бұл, бірінші кезекте, жастардың тәуелсіздік, жалпыұлттық келісім, ұлттық бірлік, төзімділік сияқты Қазақстан қоғамының басты құндылықтарын саналы ұғынуына үлкен оң әсер етері дау

тудырмайды. Өскелең ұрпақты ұлы бабаларымыздың өнегелі істеріне баулу, қазақ халқының көрнекті тұлғаларын зерделеуге машықтандыру оларды өз елі, ұлы тарихы мен оны жасаған тұлғалары үшін мақтаныш сезіміне тәрбиелейді.



**Бибизия ҚАЛШАБАЕВА,**  
тарих факультеті Археология,  
этнология және музеология  
кафедрасының профессор  
М.а., Т.ғ.д.:

– Жаңа Қазақстан жағдайындағы еліміздің Наурыз мейрамы биыл 14-23 наурыз аралығында тойланды. Осыған байланысты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де оқытушы-студенттер арасында мерекенің маңызы мен мәніне ерекше көңіл бөлді. Мен алдағы уақытта осы он күннің бірін «Бірлік пен келісім, қайырымдылық пен ізгілік мерекесі» ретінде белгілесем дұрыс дер едім.

Наурыз мерекесі қарсаңында халқымыз тек өз басын ғана емес, үй-жайын, қора-қопсы, көшесіне дейін тазартып, «Бұлақ көрсен, көзін аш», «Бір тал кессең, он тал ек» десіп, құдық, бұлақ, бастау, арық, атызды тазартып, егілген шыбыққа, шыққан көкке ақ бүркеп, «құтаю» рәсімін жасайды. Осы күннен бастап тал егу, егін салу, үй көтеру т.с.с. тіршілік қырық күнге дейін жалғасатын болған. Олай болса, Наурыз мерекесі қарсаңында еңбек мерекесін жариялап, жастарды ҚазҰУ қалашығы маңайын, ғимараттар, факультет, кафедра іші-сыртын таза ұстауға баулып, тазалық, әрлендіруге байланысты факультеттер арасында сайыстар ұйымдастырып, оның нәтижесін студенттер арасында жариялап отырсақ, бұл шара олардың оқып жатқан білім ордасына өз үйіндей қарауына сеп болар еді.

Наурыз тойының жастарға беретін тәлім-тәрбиесінің тағы бір қыры – имандылық, кешірім, мейірім, қайырымдылық, кеңшілік. Осы күні ата-бабамыз жалпы рухани да жаңғыруды мақсұт еткен. Дана халқымыздың осындай қасиеттерін жастардың бойына дарыта білуіміз керек. Ол үшін Наурыз қарсаңында факультет жастары мен оқытушылары балалар үйі мен қарттар үйіне қамқорлық көрсетіп, материалдық көмек бермесе де, моральдық көмек көрсетуіміз керек. Онан кейін жағдайы не денсаулығы жоқ университет ардагерлері болса, оларға да көмек қолын созсақ құба-құп.

Осы күндері жастар арасында білім, өнер сайысын өткізген жөн. Сайыс нәтижелерін қорытынды жиында айтса, ол да студенттердің қызығушылығын арттырады деп ойлаймын.



**Айбек ИБРАИМҚҰЛОВ,**  
ақпараттық технологиялар  
факультетінің оқытушысы:

– Наурыз мерекесін атап өтудің осы жаңа тұжырымдасы өскелең ұрпақ үшін айрықша орны бар. Өйткені жоғарыда аталған арнайы мерекелік күндер жаңа ғасырдың жаңашыл жастарына беретін тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық және мәрт-жомарттық белгілері бар. Өз дәстүрін, түп тамырын, әдет-ғұрыптарын, тарихы мен мәдениетін білу және оны ұрпақтан-ұрпаққа еш бұрмаламай жеткізу әрбір текті қазақтың бойында болуы қажет деп саналатын асыл қасиеттер. Осы аталған күндер қоғамдағы ауызбіршілік пен ынтымақтастықты арттыруға, дәстүрлер сабақтастығын дәріптеуге, отбасындағы, әулеттегі құндылықты өркендетуге, тарихымыздағы салихалар амалдарға

сара жол салып кеткен асыл тұлғаларды еске алуға, жөн-жоралғыны мирас етіп қалдыруға үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан да Наурыз мерекесін тойлаудың жаңа тұжырымдамасы қоғамға асыл тастай жарқырап, күн нұрындай шуағын шашып, ел ынтымағын арттыру мақсатында енетін болса, тәуелсіз еліміздің тұғырлы тұрғындары тамаша қарсы алатыны айдан анық.



**Мерuert ЕГІЗБАЕВА,**  
тарих факультетінің  
қауымдастырылған  
профессоры, Т.ғ.к.:

– Наурыз мерекесі – қазақ үшін ескінің кетіп, жаңаның келгені, қыстай көріспеген ағайынның қыстан аман-есен шығып, бір-бірімен қауышуы. Өкпе-реніштің ұмытылып, ренжіскен адамдардың татуласып, ақтың қараны жеңген күні, «ақ түйенің қарны жарылған күні». Сол себепті қазіргі күні қазақтың ұмыт болып бара жатқан салттары мен өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор дәстүрлерімізді дәріптеу, көпшілікке насихаттауда Наурыз мерекесін өткізудің мәні зор деп білеміз. Осыған орай, Наурыз мерекесін тойлауды дәстүрлі мәдениетіміздің ұмыт болған тұстарын насихаттау үшін барынша пайдалану керек деген ойдамын.

Атап айтар болсақ, Наурыз мерекесін тойлау барысында балалар бойына ұлттық дәстүрімізді, тәрбиені сіңіру мақсатында оларға арнап ұмыт болған ойындарды ұйымдастырса... Мысалы, «Ұшты ма?», «Ақ серек пен көк серек», «Соқыртеке» т.б. Ұмыт болған ұлттық тағамдарды пісіріп, көрсететін мастер-кларстар өткізілсе... Мысалы, «қарма қару», «қорықтық», «қарын көмбе» т.б. Сондай-ақ жеті атасын тарата білу,

туыстық атаулар, ат тергеу сияқты тақырыптарға сұрақ-жауап конкурстары ұйымдастырылса деймін.



**Құрметқан ТҰРДЫБЕК,**  
Ақпараттық жүйелер  
кафедрасының аға  
оқытушысы:

– Наурыз мейрамына жаңа рең беруде ең алдымен Қазақ елінің азаматтары ұлтына, діни көзқарасына қарамастан, біртұтас тойлайтын береке мен бірліктің символына айналдыра білу керек. Одан кейін жас ұрпаққа ұлттың құндылығын, ұлттық кодты жеткізе білуіміз тиіс. Сондықтан балдырғандар Наурыздың сәні мен мағынасына айналғаны жөн. Наурыздың қадір-қасиетін өскелең ұрпақтың санасына сіңіре білу маңызды. Мектепте, болмаса алаңда балаға наурызкөже берумен шектелмей, мереке бала санасына сіңімді болып, балдырғандарды неғұрлым көп қызықтыратындай болуы керек. Қыдыр ата Аяз атаның деңгейіне көтеріліп, балаларды қызықтыратын түрлі ойындар қойып, балалар арасында қызықты конкурстар өткізген абзал. Әсіресе асық, тоғызқұмалақ, хан дойбы сияқты ұлттық ойындарды балалар арасында кең көлемде насихаттап, мерекелік көңіл күй сыйлап, балалар ортасын қуанышқа бөлеген жөн.

Наурыз ежелден-ақ қазақ даласында береке мен бірліктің ұйытқысы болған. Алдағы уақытта да жаңарып, заманға сай жаңа мазмұндармен толығып, елдіктің жырын жырлар мерекеге айнала берері анық. Сан ғасырлық парасат пен еңбектің нәтижесінде қалыптасып, сүзгіден өткен жақсы дәстүр – ұлт пен ұлыстың жарқын болашағының кепілі.



# Университет цехында киіз үй құрастырылды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Наурыз мейрамына ерекше тарту жасады.**

Оқу орнының басшысы Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевтың тапсырмасымен Өндірістік қамтамасыз ету департаменті қолдан киіз үй құрастырып, Ұлыстың ұлы күні пайдалануға берді. Он екі қанатты киіз үйлер оқу орнының



шаруашылық цехында темірден жасалып, үзік-туырлығы арнайы тігілді. Жасау-жиһазы мен жабдық-бұйымдары қосымша қойы-



лып, желбаулары мен төгілме шашақтары және өрнекті басқұрлары Баспасөз қызметінің күшімен әзірленді.

Төрт киіз үй алдағы уақытта мемлекеттік мерекелер мен студенттер шараларында қолданылатын болады.

# Студенттер үйінде наурызкөже таратылды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жатақханалары Наурыз мерекесін атап өтті.**

ҚазҰУ бас алаңынан басталған той филология факультеті, ақпараттық технологиялар факультеті, география және табиғатты пайдалану факультеті, механика-математика факультеті, биология және биотехнология факультеті, химия және химиялық технология факультеті мен физика-техникалық факультетінде жалғасты.

Университет Ректоры Жансейіт Түймебаев жатақханада тұратын студенттерді арнайы құттықтай барып, мерекелік лебізін жеткізді.

Студенттер үйіндегі мерекеле білім алушы жастар ұлттық



ойындар жарысын ұйымдастырып, қазақтың салт-дәстүрлерін көрсетті. Барлық жатақханалар-

да палау мен наурызкөже дайындалып, жиналғандарға үлестірілді.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ұлыстың ұлы күніне орай, Наурыз жәрмеңкесі өтті. Мерекелік іс-шараға қоғам қайраткерлері, ғалымдар, факультет ардагерлері, ҚазҰУ оқытушылары мен студенттері қатысты.

# Жәрмеңкеде жетістіктеріміз көрсетілді



Жәрмеңке ректорат ғимараты алдындағы алаңда басталды. Онда факультеттер жанындағы мұражай экспонаттарының көшпелі көрмесі, оқытушылар мен студенттер жетістіктері және түрлі көркемөнер туын-

дылары қойылды. Бағдарлама аясында ұлттық ойындар, спорттық жарыстар және баспа өнімдерінің сатылымы ұйымдастырылды. Наурыз жәрмеңкесі мерекелік концертке ұласты.



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.